

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 032
<b>Мазмұндағы беті</b>	153
<b>Жарияланған беттері</b>	153-157
<b>Автор(лар)</b>	Сулейменова Гүлнар Қанатқызы
<b>Мақала атауы</b>	ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МОДЕЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Сулейменова Г.Қ., Ибыжанова А.Д. ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МОДЕЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

## «ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУЫТУ МОДЕЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ»

Сулейменова Гүлнар Қанатқызы

[guln11121986@gmail.com](mailto:guln11121986@gmail.com)

«Экономика» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

«Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор - Ибыжанова А.Д.

Мақалада білім экономикасының қалыптасуы мен дамуына қатысты өзекті ғылыми-теориялық және қолданбалы мәселелер кешені жан-жақты талданып, оның мазмұндық ерекшеліктері, институционалдық функциялары мен құрылымдық элементтері жүйелі түрде қарастырылады. Білім экономикасы тұжырымдамасының эволюциялық дамуына ерекше мән беріле отырып, оның қазіргі жаһандық трансформация жағдайындағы рөлін және ұлттық экономикалардың сапалық жаңғыруындағы маңызын айқындайды. Және де білім экономикасын қалыптастырудың заманауи бірқатар теориялық модельдері қарастырылып, даму үрдістерін және инновациялық ортада экономикалық өсуді ынталандыратын негізгі факторларды кешенді талдауға негізделген. Сонымен қатар жаһандық өзгерістер контекстінде мультипликативтік әсер тудыратын тетіктерді анықтау, адами капитал, технологиялық жаңару және институционалдық реформалар арасындағы өзара байланыстарды зерделеу назарға алынған. Жалпы алғанда, мақалада білім экономикасының дамуымен байланысты туындайтын институционалдық, технологиялық және кадрлық мәселелер кешені көрсетіліп, оны жетілдірудің перспективалы бағыттары ғылыми негізде ұсынылады.

Білім экономикасы адам интеллектісінің, шығармашылық әлеуетінің және инновациялық белсенділігінің қоғам мен ұлттық шаруашылық дамуының негізгі факторлары ретінде рөлін зерттейді. Ол тауарлар мен қызметтер нарығында тұтынушылық құндылықты

қалыптастыруға ықпал ететін адами қабілеттердің үлесін талдауға және жүйелі түрде өлшеуге бағытталған. Қазіргі шаруашылық жүйелеріне жаһандық ауқымда әрекет ететін және күрделі қосылған құн тізбектеріне кіріктірілген жоғары технологиялық өндірістердің басымдығы тән.

Білім экономикасы заманауи шаруашылық жүргізу модельдерін сипаттайтын түрлі тұжырымдамалармен айқындалады. Олардың қатарына қолданбалы цифрландыру, Индустрия 4.0 парадигмасы, циркулярлық өндірістік жүйелер, экологиялық орнықты даму, желілік білім алмасу құрылымдары, просьюмеризм және шерингілік экономика жатады. Бұл құбылыстар экономиканың индустриялық сипаттан инновациялық-интеллектуалдық модельге көшуін бейнелейді.

Экономиканың құрылымдық трансформациясы еңбек нарығының сапалық тұрғыдан кеңеюіне алып келіп, білімді құруға, өңдеуге және таратуға байланысты жұмыс орындарының үлесін арттырады. Мұндай жағдайда жеке адамның адами капиталы стратегиялық маңызға ие ресурсқа айналады, өйткені ол тек жеке табыс көзі ғана емес, сонымен қатар қоғам үшін оң сыртқы әсерлер қалыптастырады. Бұл әсерлерге салық түсімдерінің ұлғаюы, инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік маңызы бар инновациялардың пайда болуы және өмір бойы білім алу идеясының таралуы жатады. Аталған үрдістер халықтың өмір сапасының артуына, тұтыну мәдениетінің қалыптасуына және денсаулық пен қоршаған ортаға ұқыпты қатынастың орнығуына ықпал етеді.

Цифрландыру үдерістерінің тереңдеуі мен білім деңгейінің өсуі жаһандық экономиканың мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Қазіргі экономикалық жүйе барған сайын зияткерлік әлеуетке, кәсіби құзыреттерге және практикалық дағдыларға тәуелді бола түсуде, ал дәстүрлі өндірістік факторлардың маңызы салыстырмалы түрде екінші кезекке ығыстырылуда.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Білім экономикасы тұжырымдамасы постиндустриялық қоғамның даму теориясымен қатар ғылыми айналымға енді. Экономикалық дамудың жоғары сатысы ретінде білім мен адами ресурстардың шешуші рөлін негіздеген алғашқы зерттеулер ХХ ғасырдың ортасында австриялық ғалым Фриц Махлуптың еңбектерінде көрініс тапты. Ол білім өндіруге бағытталған экономикалық секторды бөліп көрсетіп, экономиканың сапалық жаңа моделінің институционалдық негізін айқындады. Осы тұрғыдан алғанда, білім экономикасы ұлттық зияткерлік әлеуетті қалыптастыруға, адами капиталды ұдайы жетілдіруге және қоғамның интеллектуалдық ресурстарын стратегиялық фактор ретінде пайдалануға бағдарланған.

Адами капиталды сандық тұрғыдан бағалауға жасалған алғашқы талпыныстардың бірі Уильям Петтидің «Саяси арифметика» еңбегінде жүзеге асырылды. Ол статистикалық әдістерді экономикалық талдауға енгізу арқылы классикалық саяси экономия мектебінің қалыптасуына негіз қалады. Кейіннен бұл идеялар Питер Друкердің еңбектерінде жалғасын тауып, білім деңгейі, еңбек өнімділігі және стратегиялық менеджмент арасындағы өзара байланыс мәселесі тереңірек қарастырылды.

Адами капитал теориясының ғылыми іргетасын Теодор Шульц пен Гэри Беккер қалыптастырып, оны еңбек өнімділігін арттыру арқылы экономикалық өсімді жеделдететін инвестициялық ресурс ретінде негіздеді. Олардың пайымдауынша, адами капитал – бұл тек білім мен кәсіби дағдылардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар өндірістік тиімділікті арттыратын және қоғамның әл-ауқатын жақсартатын кешенді әлеуметтік-экономикалық категория. Адами ресурстар, зияткерлік еңбек және ғылыми білім – еңбек қызметінің сапасын айқындайтын және экономиканың жоғары өнімділікке көшуін қамтамасыз ететін негізгі құрамдас бөліктер. [3]

Швеция мен Жапонияның даму траекториясы адами капитал теориясының практикалық тиімділігін дәлелдейді: бастапқыда экономикалық тұрғыдан артта қалған бұл мемлекеттер адами ресурстарға жүйелі инвестиция салу арқылы ХХ ғасырдың соңында әлемдік экономиканың көшбасшылары қатарына қосылды. World Bank ұсынған анықтамаға сәйкес, білім экономикасы – бұл елдің жеделдетілген өсімі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында білімді өндіру, тарату және тиімді пайдалану үдерісі. Ал United

Nations бағалауы бойынша, дамыған елдерде адами капитал ұлттық байлықтың шамамен 80 пайызына дейін құрайды. Бұл деректер адами капиталды тұрақты түрде жетілдіру мен институционалдық қолдаудың объективті қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның ұлттық экономикасы бірқатар күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Біріншіден, жаһандық дағдарыс селективті сипатқа ие болмай, қаржы, көмірсутек, металл және азық-түлік нарықтарын қамтыды, нәтижесінде экспортқа бағытталған өнімге деген сыртқы сұраныс төмендеді. Екіншіден, әлемдік экономиканың өсу қарқыны баяулап, 2011 жылдан бастап International Monetary Fund жаһандық ЖІӨ болжамдарын бірнеше рет қайта қарауға мәжбүр болды. Үшіншіден, мұнай өндіру бұрынғыдай жоғары кіріс әкелмей отыр. Төртіншіден, экономикалық санкциялар мен геосаяси тұрақсыздық экономикалық процестерге айтарлықтай ықпал етуде. Аймақтық қақтығыстар, босқындар ағыны, халықаралық терроризм құбылысы әлемдік экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіруде. Сонымен қатар, жаһандық және өңірлік нарықтардағы бәсекенің күшеюі ұлттық экономикалардың даму траекториясына қосымша қысым жасайды.

Мақалада экономикалық өсудің бірқатар теориялық модельдері қарастырылады. Олар нақты экономикалық үдерістердің абстрактілі үлгілері болғанымен, экономикалық заңдылықтарды талдау мен салыстырмалы бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында инновациялық кәсіпкерлікті дамыту, адами капиталға инвестиция көлемін ұлғайту және экономикалық өмірдегі сапалық өзгерістерді негіздеу қажеттілігімен айқындалады. [4]

Кейнсиандық және неокейнсиандық бағыттар қазіргі экономикалық өсім модельдерінің теориялық өзегін құрайды. Джон Мейнард Кейнс ұлттық шаруашылықты тұтастай қарастырып, ұлттық табыстың деңгейі мен динамикасын айқындайтын факторларға, сондай-ақ тұтыну мен жинақ арасындағы өзара байланысқа басымдық берді. Оның тұжырымдамасында тиімді сұраныс экономикалық тепе-теңдіктің негізгі шарты ретінде қарастырылады. Неокейнсиандық модельдер инвестициялардың рөліне, мультипликатор әсеріне және ресурстарды толық пайдалану мәселесіне ерекше мән береді. Экономикалық өсімнің қарқыны инвестициялық белсенділікпен тікелей байланысты деп пайымдалады. Мемлекеттік шығындарды реттеу, салық-бюджеттік саясат және әлеуметтік төлемдер сұранысты қолдаудың маңызды құралдары саналады.

1973–1975 жылдардағы энергетикалық дағдарыс посткейнсиандық бағыттың қалыптасуына түрткі болды. Бұл теория табысты бөлу пропорцияларын және капитал жинақтау қарқынын үйлестіруге ұмтылды. Экономикалық өсімнің маңызды индикаторы ретінде капиталдың жинақталу жылдамдығы мен пайда нормасының ұлттық табыстағы үлесі қарастырылды.

Неоклассикалық модельдер еркін бәсекеге негізделген нарықтық жүйенің оңтайлылығын алға тартады. Нарықтық тепе-теңдік баға тетіктері арқылы ресурстардың тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді деп есептеледі. 1987 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Солоу ұсынған модель халық санының өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің ұлттық өндіріс көлемінің артуына ықпалын айқындайды. Бұл модельде капитал жинақтау экономикалық өсудің негізгі факторы ретінде қарастырылады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемдік экономика құрылымдық қайта құру кезеңіне өтті: қызмет көрсету салаларының үлесі артты, қаржылық индикаторлардың динамикасы күшейді. Қаржы нарығының экономикалық өсімге ықпалын түсіндіретін «АК-моделі» капиталдың жинақталу шекті деңгейіне қол жеткізудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл деңгейге жету қаржы нарығының тиімділігін арттырып, экономикалық өсімді жеделдетеді. Алайда қаржы нарығын жедел модернизациялау әлеуметтік теңсіздік пен макроэкономикалық теңгерімсіздіктерді ушықтыруы мүмкін.

Қазіргі жағдайда экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (НИОКР) салынатын инвестициялар. Қаржы нарығы капиталды шоғырландыру мен қайта бөлудің басты институты ретінде шешуші рөл атқарады. Дамыған елдерде қор нарығы ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды

қаржыландырудың маңызды арнасына айналған. Осылайша, капитал тапшылығын бастан өткеріп отырған елдер үшін экономикалық өсім мүмкіндіктері шектеулі болғанымен, институционалдық реформалар мен инновациялық инвестициялар ұзақ мерзімді даму перспективасын айқындайды.[6]

Нәтижелер және талқылау. Қазақстанның ұлттық экономикасында тұрақты әрі орнықты экономикалық агенттерді қалыптастыру үшін ұлттық бәсекелік артықшылықтарды жүйелі түрде іске асыратын басқару тетігін құру айрықша маңызға ие. Бұл, мәні жағынан, дағдарысқа қарсы даму стратегиясын институционалдық тұрғыдан бекіту және оны кезең-кезеңімен жүзеге асыру деген сөз.

Осы бағытта бірқатар стратегиялық бастамалар әзірленіп, практикалық деңгейде іске асырылды. Біріншіден, индустриялық-инновациялық даму саясаты шеңберінде шикізаттық модельден алшақтап, технологиялық жаңғыруға негізделген экономиканы қалыптастыруға басымдық берілді. Екіншіден, Нұрлы Жол мемлекеттік бағдарламасы аясында инфрақұрылымдық жаңғырту жүзеге асырылып, ұлттық валютаның еркін айырбас бағамына көшуі макроэкономикалық бейімделудің маңызды құралына айналды. Үшіншіден, 100 нақты қадам аясында бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған заңнамалық база қалыптастырылды. Бұл шаралар кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды қысқартуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында алтын-валюта резервтері жинақталып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры нығайтылды. Мұнай бағасының құбылмалылығы жағдайында Қазақстан Ұлттық банкі тарапынан ықтимал сценарийлер әзірленіп, макроқаржылық тұрақтылықты сақтауға бағытталған тетіктер енгізілді. Экономиканың өсу драйверлері ретінде жаңа өнеркәсіп салалары алға шығып, еңбек өнімділігінің шамамен 60 пайызға өсуі байқалды. Сонымен бірге халықтың экономикалық мінез-құлқында жинақтау мен инвестициялау мәдениетінің артуы сияқты сапалық өзгерістер орын алуда.

Қазақстан Республикасында білім экономикасын дамытудың негізгі алғышарттарына адами әлеуетті арттыру, білім беру мен кәсіби даярлауға инвестиция көлемін ұлғайту, цифрландыру үдерістерін жеделдету, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу және өңірлік бәсекеге қабілеттілікті күшейту жатады. Білімге негізделген экономиканы қалыптастыру үшін инновациялық белсенділікті бағалау, оның өсу бағыттарын айқындау, ғылымды ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу және адами капитал сапасын арттыру қажет.

2021 жылғы деректерге сәйкес, World Bank ұсынған Жаһандық инновациялық индекс бойынша Қазақстан 132 елдің ішінде 83-орынды иеленді (24,7 балл).

Жекелеген көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады:

- «Адами капитал және зерттеулер» бағыты бойынша ел 66-орыннан 60-орынға көтерілді;
- «Бизнес дамуы» көрсеткіші бойынша 78-орыннан 68-орынға ілгеріледі;
- «Технологиялар және білім экономикасының дамуы» санатында 86-орыннан 81-орынға жоғарылады, бұл, әсіресе, білім ықпалы мен білім тарату көрсеткіштерінің жақсаруымен байланысты.

Аталған үрдістер ғылыми-білім беру әлеуетінің біртіндеп нығайып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі жағдайда кадрлық ресурстар елдің инновациялық серпілісін қамтамасыз ететін негізгі факторға айналуда. Зияткерлік капитал мен технологиялық құзыреттердің жинақталуы экономиканың сапалық жаңаруына және халықтың өмір сүру деңгейінің артуына тікелей ықпал етеді.

Дегенмен, бұл мақсаттарға жету үшін адами капиталға бағытталған инвестицияларды жүйелі түрде ұлғайту қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дамыған мемлекеттер жаһандық адами әлеуеттің басым бөлігін иелене отырып, инновациялық және технологиялық даму қарқыны бойынша алда келеді. Олар жаңа технологияларды өндіруде, өндіріс тиімділігін арттыруда және ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруда жетекші орынға ие. Инновация –

бұл нарық сұранысына ие жаңа технологияларды енгізу арқылы жалпы экономикалық тиімділікті арттыру үдерісі.

Қазақстанда инновациялық серпіліске қол жеткізу үшін білім экономикасының келесі стратегиялық векторларын айқындау қажет:

1. өмір сапасын арттыруға қабілетті заманауи мемлекеттік институттарды қалыптастыру;
2. бәсекеге қабілетті және сапалы білім беру жүйесін дамыту;
3. іргелі және қолданбалы зерттеулерді қолдау;
4. венчурлық қаржыландыру секторын кеңейту;
5. жаңа білім мен технологиялар өндірісін жолға қою;
6. ақпараттық қоғам институттарын қалыптастыру;
7. идеялар мен ғылыми жаңалықтарды трансферлеудің тиімді инфрақұрылымын құру.

Қазіргі уақытта қазақстандық бизнестің инновациялық белсенділігі жеткіліксіз деңгейде қалып отыр: компаниялардың шамамен 11 пайызы ғана инновациялық қызметпен айналысады. Кәсіпорындардың басым бөлігі (60 пайыздан астамы) жаңа технологияларды әзірлеуден гөрі дайын жабдықтарды сатып алумен шектеледі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін компаниялардың үлесі шамамен 25 пайызды ғана құрайды. Бұл ғылым мен бизнес арасындағы өзара ықпалдастықтың әлсіздігін көрсетеді. [7]

Қорытынды. Қазіргі жағдайда адами ресурстар мен зияткерлік капитал инновациялық трансформацияның бастапқы нүктесіне айналып отыр. Білім экономикасы мемлекеттің сапалық дамуын, адам ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, жоғары технологиялар мен инновацияларды кеңінен енгізуді көздейді. Технологияларды сырттан жай ғана көшіру ғылыми серпіліске алып келмейді.

Қазақстанда ұлттық инновациялық менеджмент тетіктерін жетілдіру және білім сапасын арттыру қажет. Тәуекел мен белгісіздік деңгейі жоғары қазіргі экономикалық ортада әлеуметтік-экономикалық жүйенің ішкі әлеуетін тиімді іске асырудан және инновациялық даму траекториясын ұстанудан өзге бәсекеге қабілеттілікті арттырудың баламалы жолы жоқ екені айқын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гаврилова, И. В. Понятие и характеристика экономики знаний, необходимые условия ее формирования / И. В. Гаврилова, К. В. Захарова, Т. А. Малащенко // Молодой ученый. - 2016. - № 10(114). - С. 655-659.
2. Миронова, В. Н. Инновационное развитие экономики знаний / В. Н. Миронова // Экономика. Налоги. Право. - 2020. - № 2. - С. 61–68.
3. Keynes J.M. The General Theory of Employment, Interest and Money. – Macmillan Cambridge University Press, for Royal Economic Society, 1936. [Электронный ресурс]: <http://www.marxists.org>.
4. Solow R.M. Growth theory: an exposition. – New York Oxford: Oxford University Press, 2000. P. 118– 122.
5. Друкер, П. Эффективный руководитель / П. Друкер . – МИиФ, 2006 - 250с
6. Макаров В.Л. Экономика знаний: уроки для России // Вестник Российской академии наук. – 2003. – Т.73. – №5. – С. 450-456
7. План нации – 100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ. [Электронный ресурс]: <https://online.zakon.kz/>.